

ОӘЖ 336.647

КОРПОРАЦИЯНЫҢ АҚША АҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Балбарақова Әлия Талғатқызы

Balbarakova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Керімбек Ғ.Е.

Қаржылық стратегия – бұл кәсіпорынды ақшалай қаражаттармен қамтамасыз ету бойынша әрекеттердің басты жоспары. Ол қаржылардың құрылу теориясы мен тәжірибесі, олардың және нарықтық шаруашылық жағдайында кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын жоспарлау мен қамтамасыз ету сұрақтарын қамтиды. Қаржылық стратегия теориясы шаруашылық етудің нарықтық шарттарда объективті заңнаманы зерттейді, жаңа жағдайларда өмір сүрудің, стратегиялық қаржылы операцияларды дайындау мен жүргізудің әдістері мен нысандарын құрады.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы кәсіпорынның қызметінің барлық жақтарын қамти отырып, негізгі және айналым қаражаттарын жетілдіру, капиталды басқару, пайданы бөлу, қолма-қолсыз есеп-айырысу, салық менеджменті, бағалы қағаздар облысындағы саясаттарын қамтиды. Қаржылық стратегияның аталған құрамдас бөліктері қаржылық стратегия объектілерін анықтайды, олар – табыс және қаражаттардың түсімі, қаражаттар шығыстары және аударымдары, бюджеттік және бюджеттен тыс қорлармен қарым-қатынастар, несиелік қарым-қатынастар 1-суретте көрсетілген.

Кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктерін жан-жақты есепке ала отырып, сыртқы және ішкі факторларды объективті қарастыра отырып, қаржылық стратегия өнім нарығында қалыптасқан жағдайларға кәсіпорынның қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерінің сәйкестілігін қамтамасыз етеді. Қаржылық стратегияда аталған факторларды елемеушілік таныту кезінде кәсіпорын банкроттыққа ұшырауы мүмкін.

Кәсіпорындар басты қаржылық стратегия, оперативті қаржылық стратегия және жеке стратегиялық тапсырмаларды орындау стратегиясын, немесе жеке стратегиялық мақсаттарға жету стратегиясын жасақтауы мүмкін. Кәсіпорынның басты қаржылық стратегиясы жоспарлау горизонты (жоспарлаумен қамтылатын уақыт кезеңі) бойынша да, қойылған мақсаттардың масштабтылығы бойынша да келіседі. Ол бірнеше оперативті қаржылық стратегиялардан тұрады, бірақ олардың қарапайым сомасы болып табылмайды. Кәсіпорынның оперативті қаржылық стратегиясы басты қаржылық стратегияны қысқа мерзімге негіздейді және басты стратегияда қойылған мақсаттардың белгілі бір бөлігін орындайды. Жеке стратегиялық міндеттерді орындау стратегиясы немесе жеке стратегиялық мақсаттарға жету стратегиясы жоспарлаумен қамтылатын уақыт кезең бойынша шектеулері болмайды, бірақ тек бір ғана стратегиялық міндетті немесе стратегиялық мақсаттың тек бір ғана бөлігін орындауға бағытталған.

Басты қаржылық стратегия кәсіпорын қызметін ұзақ мерзімде, бірақ болжамданатын уақыт мерзімінде (мысалы, бір жыл) анықтайды. Ол өзіне барлық деңгейлердегі бюджеттермен қарым-қатынастарды, кәсіпорынның табысын құру және оны пайдалануды, қаржы ресурстары мен олардың құрылу көздеріне қажеттіліктерін біріктіреді [1].

Оперативті қаржылық стратегия бір тоқсан немесе айға жасақталады және айналым қаражаттарына қажеттілікті анықтау, кәсіпорын капиталын рационалды пайдаланудың ағымдағы маневр жасау стратегиясын анықтайды. Қаржылық стратегия төлемеушілік,

инфляция және басқа форсмажорлы (күтілмеген) жағдайлар тәуекелін есепке ала отырып жасалады. Ол өндірістік міндеттерге сәйкес келіп, қажет болған кезде түзетіліп, өзгертілуі тиіс. Қаржылық стратегияның орындалуын бақылау табыстардың түсімін және оларды үнемдеп, тиімді қолдануын тексеруді қарастырады. Дұрыс ұйымдастырылған қаржылық бақылау ішкі резервтерді анықтауға және ақшалай жинақтарды ұлғайта отырып шаруашылық рентабельділігін арттыруға көмектеседі.

Қаржылық стратегияның маңызды бөлігі ішкі нормативтерді жасау болып табылады, олардың көмегімен, мысалы, табысты бөлу бағыттары, өтімділік коэффициенті мәндерінің шектеулері, меншікті және қарыз капитал, несиелік және дебиторлық қарыздар көлемдерінің шекті қатынастары анықталады.

Қаржылық стратегияның сәттілігі қаржылық стратегияның теориясы мен тәжірибесінің өзара теңдестігіне ие болғанда, қаржылық стратегиялық мақсаттар экономикалық және стратегиялық мүмкіндіктерге сәйкес келгенде, кепілдікке ие болады.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын қалыптастыруға байланысты ұсыныстар кәсіпорынды қаржылық талдау нәтижелеріне бойынша қорытындылар негізінде жасалады. Ұсыныстар объектілер және басты қаржылық стратегиялардың құрамдас бөліктері бойынша, ұсыныстардың кәсіпорынның баланс баптарына және кірістер мен шығыстар туралы есептемеге әсер етуін міндетті бағалаумен бірнеше нұсқауларда жасақталады. Қаржылық стратегияның қалыптасуының әр нұсқауы бойынша оған енгізілген ұсыныстарды сапалы және сандық бағалауды есепке ала отырып, болжамды баланс және кірістер мен шығыстар туралы есептеме құрылады [2].

Басты қаржылық стратегияның нұсқауының сыртқы жағдайларына байланысты әр тоқсан сайын (ай сайын) өткен тоқсандағы қаржылық көрсеткіштерді есепке ала отырып оперативті қаржылық стратегия қалыптастырылады. Қажет болған кезде кәсіпорынның шешімімен нақты қаржылық стратегия бойынша бір жылға, немесе тоқсанға (айға) жеке мақсаттарға жету стратегиясы жасақталады.

Қаржылық стратегияда кәсіпорынның қаржылық жағдайының негізгі сипаттамаларын жоспарлау жүргізіледі, яғни төлемқабілеттілік, несиеқабілеттілік, банкроттыққа ұшырау мүмкіндігінің деңгейі, сонымен қатар қаржылық жағдайдың негізгі сипаттамасын анықтайтын қаржылық есептеме көрсеткіштері. Аталған сипаттамалар кәсіпорында қаржылық жоспарлау объектілері болып табылады. Максималды нәтижеге жету үшін қаржылық стратегияны жасауда іс-әрекеттердің орындалуының белгілі бір қадамын ұстану дұрыс.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын жасау 1-суретте көрсетілгендей дайындық кезеңінен басталады, бұл кезеңде кәсіпорын қызметін қаржылық талдау, сыртқы экономикалық ортаны болжамдау, қаржылық қаражаттардың түсімі мен шығынын есепке ала отырып кәсіпорынның дамуының болашақ бағдарламасы құру жүргізіледі.

Кәсіпорында қалыптасқан қаржылық жағдайды, сыртқы қаржылық-экономикалық ортаның күтілетін өзгерістерін, қаржылық қаражаттардың түсімдері мен шығындарының күтілетін жоғары деңгейлі ықтималдылығын бағалау негізінде қаржылық жоспарлаудың мақсаты қалыптасады – кәсіпорынның қаржылық стратегиясының негізгі мақсаты жоспарланатын кезеңде кәсіпорынды жетілдірудің негізгі критерийлері таңдалады, кәсіпорынның қаржылық стратегиясының қалыптасуына байланысты ұсыныстардың бірнеше нұсқауында жасалады, ұсыныстардың сапалы және сандық бағалауы жүргізіледі, кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдірудің негізгі критериіне сәйкес жету ұсыныстарын таңдау жүргізіледі, қаржылық стратегияның нұсқаулары бойынша болжамды қаржылық есептеме құрылады, оны қаржылық талдалады, негізгі критерийлерге жету бағаланады. Қаржылық стратегияны жасау кәсіпорынның жоғары басшылығымен бекітіледі.

Қаржылық стратегияны жасаудың дайындау кезеңінің басты кездерінің бірі болашақтағы жоспарланатын кезеңде кәсіпорын қызметін қаржылық талдау болып табылады.

Қаржылық талдау бір кезең немесе бірнеше болашақтағы жоспарланатын кезеңде кәсіпорынның бухгалтерлік есептемесінің мәліметтері бойынша жүргізіледі. Мұнда кәсіпорынның жылдық, жарты жылдық немесе тоқсандық бухгалтерлік есептемелері қолданылады. Қажет болған кезде статистикалық есептеме және басқарушылық есеп қолданылады. Қаржылық талдау нәтижелері бойынша кәсіпорында қалыптасқан қаржылық жағдайды синтетикалық бағалау жүргізіледі.

Графикалық, кестелік және коэффициенттік әдістермен қаржылық талдау нәтижелері бойынша әр объект бойынша горизонталды синтетикалық бағалау жүргізіледі, оның шегінде түрлі әдістермен алынған қорытындыларды салыстыру мен нақтылау жолымен қаржылық жоспарлаудың объектісінің жағдайы және оның қарастырылып отырған кезеңде өзгерістері туралы жалпы қорытынды жасалады, қаржылық жоспарлаудың әр объектісінің мәселелері мен оларды шешу үшін резервтер және «критикалық нүктелер» анықталады.

Сыртқы экономикалық ортаны болжамдау – қаржылық стратегияны жасаудың маңызды қадамы. Сыртқы экономикалық ортаның мінез-құлқының ықтималды болжамы қаржылық, маркетингтік қызметтер және кәсіпорынның өндірістік жоспарын жасауға жауап беретін қызметтер мәліметтері бойынша құрылады.

Кәсіпорын дамуының болашақ бағдарламасы кәсіпорынның қаржылық стратегиясын жасау кезінде, кәсіпорын дамуының жалпы мақсаттарымен оның бағытталуы үшін қолданылады.

Кәсіпорында қаржылық қаражаттардың күтілетін түсімдер мен шығындары қарапайым, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен ақшалай және ақшасыз қаржылық қаражаттардың болжамданылатын ағымдарына негізделіп анықталады.

Дайындық кезеңінде материалдарды өңдеу сапасы мен кеңдігіне стратегиялық мақсаттарға жету үшін стратегиялық мақсаттар мен стратегиялық міндеттерді анықтау, кәсіпорынның қаржылық стратегиясын нақты және кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметімен және стратегиялық мақсаттармен байланысты шаралармен толықтыру тәуелді.

Қаржылық жоспарлау мақсаттарын анықтау мен құрастыру. Қаржылық жоспарлаудың мақсаттары кәсіпорынның негізгі қызметтеріне және кәсіпорынды қаржылық басқарушы қызметтер алдына қойылатын міндеттер негізінде анықталады. Мұндай міндеттер өндірісті кеңейту үшін немесе өткізудің жаңа нарығын қамту, бағалы қағаздарға және банктік депозиттерге уақытша бос қаражаттарды орналастырудан максималды табыс алу, жоғары несиқабеттілікті қамтамасыз ету және рентабельділікті жоғарылату үшін қаражаттар іздеу болуы мүмкін.

Жоспарланатын кезеңде қаржылық жағдайды жетілдірудің негізгі критериін таңдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдірудің және кәсіпорын үшін оның қаржылық жағдайын жетілдірудің негізгі критериін сипаттайтын маңызды көрсеткіштерді анықтаудың негізгі критериін бекітуге негізделеді. Критерий ретінде қаржылық жоспарлаудың объектілерінің бірі таңдалуы мүмкін – төлемқабілеттілік, несиқабеттілік, банкроттыққа ұшырау ықтималдылығы, мүлік, капитал, қаржылық нәтижелер; кәсіпорын қызметін сипаттайтын жеке көрсеткіш, мысалы, дебиторлық несиелік қарыздар қатынасы, кәсіпорын ағымдағы өтімділігі, сату рентабельділігі; біріктірілген кешенді көрсеткіш, Дюпон формуласы бойынша интегралды көпфакторлы нәтижелі көрсеткіш Альтманның Z-шоты сияқты көрсеткіштер. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдірудің негізгі критериі қаржылық жоспарлаудың объектілерінің бірі болуы мүмкін [3].

Қаржылық стратегияны қалыптастыруға байланысты ұсыныстарды сапалы және сандық бағалау, оларды жасау. Ұсыныстар объектілер (табыстар мен қаражаттардың түсімі, қаражаттар шығыны мен аударымдары, бюджетпен және бюджеттен тыс қорлармен қарым-қатынастар) және қаржылық стратегияның құрамдас бөліктері (негізгі және айналым қаражаттарын жетілдіру, капиталды басқару, табысты бөлу, қолма-қолсыз есеп-айырысу, салық менеджменті, бағалы қағаздар облысында саясаты) бойынша жасақталады. Қаржылық стратегияның көп нұсқаулылығы жоспарланатын кезеңде нақты экономикалық

орта дамуының белгісіздігімен және кәсіпорынның кез келген ықтималды жағдайға дайын болу қажеттілігімен шартталады.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясының нұсқаулары бойынша болжамды қаржылық есептемені құру талданын кезең аяғына қаржылық есептеме мәліметтері негізінде жасалады. Қаржылық стратегияның әр нұсқауы бойынша әр бап бойынша ұсыныстарды сандық бағалау және олардың кәсіпорын балансына әсер етуін бағалау негізінде кәсіпорын көрсеткіштерінің болжамды мәндері есептеледі. Нәтижесінде ұсыныстардың қанша нұсқаулары болды, сонша болжамды қаржылық бухгалтерлік есептеме жасалады. Бухгалтерлік қаржылық есептеменің сәйкес баптар көлемдерінің жоғарылауы не төмендеуі есептемеснің қаржылық көрсеткіштеріне ұсыныстардың әсер етуіне тәуелді болады.

Таңдалған ұсыныстарды енгізуді есепке ала отырып кәсіпорынның болжамды жағдайын қаржылық талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдіру критерийлеріне жетуді тексеру мақсатында орындалады. Кәсіпорынның болжамды қаржылық жағдайын талдау толық көлемде жүргізілуі және жетілдірудің негізгі критерийлерінің көрсеткіштерін есептеуді ғана қарастыруы мүмкін.

Жоспарланған кезеңге кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдірудің негізгі критерийлеріне жетуді бағалау қаржылық стратегияның әр нұсқауы бойынша таңдалған ұсыныстарды енгізуді есепке ала отырып, кәсіпорынның болжамды жағдайын қаржылық талдау нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорынның жоғары басшылығымен Қаржылық стратегияның бекітілуі. Қаржылық стратегия нұсқаулары өңделіп, қаржылық қызметтер оларды бағалап және есептеп, нақты орындаушылар мен ұсыныстарды өткізудің нақты мерзімдері жазылғаннан кейін жүргізіледі.

Қаржылық болжамдау – қаржылық жоспарлаудың негізгі элементі. Ол кәсіпорынның жоспарлық бюджетін есептеу негізін құрады, өз кезегіне бұл бюджет өзіне толық құжат жиынын кіріктіреді: өткізу жоспары, өндіріс жоспары, өндірістік қор бюджеті, тікелей материалды шығыстар жоспары (немесе күнтізбесі), еңбекақы төлеу бойынша жоспар, өндірістік, өткізу және ұйымдастырушылық шығыстар жоспары, кірістер туралы жоспарлы есептеме, ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы жоспар, төлемдік күнтізбе және жоспарлы баланс. Қаржылық менеджменттің қысқа және ұзақ мерзімді аспектілерінің интерференциясы қаржылық болжамдауда ең ашық нысанда берілген. Қаржылық болжамдаудың бастапқы нүктесі – сату болжамы және оған сәйкес келетін шығыстар болжамы; соңғы нүктесі мен мақсаты сыртқы қаржыландыруда қажеттілікті есептеу болып табылады.

Қаржыландыру қажеттіліктерін болжамдаудың негізгі қадамдарын белгілейік:

1. Статистикалық немесе басқа әдістер арқылы сату болжамын құру.
2. Ауыспалы шығындар болжамын құру.
3. Сатудың қажетті көлеміне жету үшін қажетті негізгі және айналым құралдарына инвестициялар болжамын құру.

4. Сыртқы қаржыландыру қажеттілігін есептеу және қаражаттар көздерінің рационалды құрылымының қалыптасу қағидасын ескере отырып, сәйкес көздерді іздеу.

Бірінші қадамды маркетингтер жасайды. Екінші, үшінші және төртінші қадамдарды қаржыгерлер орындайды.

Қаржылық болжамдаудың екі негізгі әдістері бар. Олардың бірі – бюджеттік, ол ақша ағымдарының тұжырымдамасына және бизнес жоспардың қаржылық бөлімін есептеуге негізделеді. Екінші әдіс бұл – «сатулардан пайыздар әдісі» (бірінші модификация) және «формула әдісі» (екінші модификация) [4].

Сонымен, барлық есептеулер үш жорамал негізінде жасалады:

1. Белгілі бір пайызға сату көлемінің өсуі кезінде ауыспалы шығыстар, ағымдағы активтер және ағымдағы міндеттемелер соншалықты пайызға өседі. Бұл ағымдағы активтер

де, ағымдағы міндеттемелер де жоспарлы кезеңде өткізуден түскен түсімнен бұрынғы пайызды құрады.

2. Негізгі құралдар құнының өсу пайызы болжамдау кезеңінің басында жүктелмеген негізгі құралдардың болуын есепке ала отырып және бизнестің технологиялық жағдайларына сәйкес айналымды өсірудің берілген пайызы арқылы және өндірістің қолда бар құралдардың материалды және моральді тозу деңгейі арқылы есептеледі.

3. Ұзақ мерзімді міндеттемелер және акционерлік капитал болжамға өзгеріссіз алынады. Бөлінбеген табыс таза табысты дивидендтерге және өткізілген өнімнің таза рентабельділікке бөлу нормасын есепке ала отырып болжамдалады: негізгі кезеңнің бөлінбеген табысына болжамданатын таза табыс (болжамданған өткізілген өнімнен түскен табысты өткізілген өнімнің таза рентабельділігіне көбейту) қосылады, кейін дивидендтер (таза табысты дивидендтерге бөлу нормасына көбейтілген болжамданатын таза табыс алынып тасталады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Баймұратов О Б «Қазақстан қаржы нарығы» оқулық, Алматы: Экономика. 2007ж
2. Әмірқанов Р.Ә., Тұрғұлова А.Қ. «Қаржы менеджменті»; Алматы, 2012ж.
3. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау / Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2001ж.
4. Сапарова Б.С. «Финансовый менеджмент» Экономика, Алматы-2015г.